

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕНУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№208 (9526) || 1954 жылғы 19 октябрь Сейсенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

А. Попов. — «Ударник» кәсіпшілік артелінде (2-бет).
МАЛ ҚЫСТАТУҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨЗІРЛЕНЕЙІК: Н.
Пчельников, Б. Жақыпов. — Үлгілі әзірлік керек. С. Мауленов.
— Мүмкіншіліктерді пайдалана алмады. А. Богер. — Мал өсіру-
шілердің дайындығы (3-бет).
Б. Жарқынов. — Маңызды мәселеге мән бермеген жерде
(3-бет).
Т. Кәкімов. — Сенім мен ерік күші (3-бет).
М. Федоров. — АҚШ-тағы сайлау алдындағы науқан
(4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Г. М. Маленковтың Англия парламентінің делегациясын
қабылдауы (1-бет).
СЕЛО МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАРЫНША
ЖАҚСАРТАЙЫҚ! Қостанай облысы, Таран ауданының колхоз-
шыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интелли-
генциясының республиканың барлық еңбекшілеріне үндеуі
(1-бет).
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Б. Елеусізов. — Колхоз коммунистері-
нің сөзі. Е. Мырзахметов. — Колхоз өндірісіне ықпалы аз пар-
тия ұйымы (2-бет).
САПАЛЫ ЖЫРТЫЛҒАН ЗЯБЬ—МОЛ ӨНІМНІҢ НЕГІЗІ:
Н. Есімов. — Зябь жыртуға мән бермейді. Е. Шөжеев. — Жос-
пар артығымен орындалды (2-бет).

Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің тұрмыс қажеттерін толық өтейік

Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет халқының алдына бүкіл ауыл шаруашылығы өндірісінің негізі—астық шаруашылығын шұғыл өркендету, ол үшін еліміздің Шығыс аудандарындағы пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін ұлғайту міндеттерін қойды. Ал бұл аса күрделі міндетті орындауға Қазақстанның, оның ішінде біздің облыстың алатын орны ерекше. Мәселен, быйылғы жылы бүкіл еліміз бойынша игерілетін тың және тыңайған жердің жартысына жуығы біздің республикамыздың үлесіне тиді.

Партия мен үкмет алға қойған ұлы, күрделі міндеттерді орындауға атсалысу үшін, бұл бүкілхалықтық істің тікелей қатысушысы болу үшін еліміздің қалалары мен селоларынан 150 мыңнан астам мамандар—агрономдар мен инженерлер, зоотехниктер мен майдәрігерлері, слесарьлар мен токарлар тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан аудандарға келді. Олардың ішінен 10 мыңнан астам адам біздің облысқа жолдама алды. Олар көзін облысымыздың колхоз, совхоздарындағы еңбекшілермен бірлесіп отырып, ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі партия мен үкмет алға қойған міндеттерді орындау жолында қажырлықпен еңбек етуде. Сол сыяқты тың жер игеруге мыңдаған патриоттар туысқан республикалардан өз семьяларымен көшіп келді. Олар әлі де келіп жатыр.

Туысқан партия мен үкметіміз ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолында қажырлықпен еңбек етіп жатқан еңбекшілер үшін, олардың тұрмыс қажеттерін толық өтеу үшін үнемі әкелік қамқорлық жасап келеді. Өйткені адамдар қамын ойлау дегеніміз, ең алдымен істің табысты болуының қамын ойлау деген сөз. Мемлекет тың және тыңайған жерлерді игеруге өз еріктерімен келген патриоттар үшін миллиардтаған сом қаржы бөліп отыр.

Бұл күндері облысымызда жаңадан ұйымдастырылған 12 астық совхозында жұмысшылар үшін тұрғын үйлер, клубтар, асханалар, ауруханалар, кітапханалар салу ісі қызу қарқынмен жүргізілуде. Сол сыяқты, ауыл шаруашылығының еңбекшілері мемлекеттен ұзақ мерзімге қарыз алып, өздеріне меншікті үйлер салу-

тық қажеттерін өтеу ісі де күннен-күнге жақсара түсуде.

Дегенмен ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеуде әлі де болса көптеген кемшіліктерге жол беріліп отыр. Бұған бірқатар аудандарда тұңғыш қоныстанушылар үшін тұрғын үйлер салу жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуі айқын мысал бола алады. Мәселен, Илтич атындағы МТС-ке быйылғы жылы ондаған патриот-механиктер келді. Бірақ МТС директоры Букатин жолдас Ленин ауданындағы партия комитетінің МТС аймағы бойынша секретары Колосов жолдас осы уақытқа дейін олар үшін тұрғын үйлер салу жұмысын қолға алуды ойластырмай келеді.

«Интернационал», Жамбыл атындағы совхоздарда да құрылыс жұмыстарының қарқыны нашар. Мәселен, «Интернационал» совхозында стандартты үйлер салу жұмыстарының жоспары жартылай да орындалған жоқ. Ал Жамбыл атындағы совхозда жұмысшылардың тұрмыстық қажеттерін өтейтін орындарды салу ісі жеткілікті дәрежеде жүргізілмей отыр. Осы уақытқа дейін бұл совхозда жұмысшылар үшін монша жоқ. Рас, монша үшін салынған үйдің құрылыс жұмыстары аяқталғалы бірталай уақыт болды. Бірақ бұл үй совхоз директоры Татневский жолдас-тың бұйрығымен цемент сақтайтын қоймаға айналдырылды. Осы совхоздағы көзгірлі асхана үйі май айының бас кезінде уақытша құрылыс ретінде салынған еді. Тұрақты асхана үйін салу туралы мұнда аз сөз болған жоқ. Амал не, совхоз басшылары осы уақытқа дейін бұл іске көңіл аудармай келеді. Ал, көзгір асханада тамақтану үшін ешқандай мүмкіншілік жоқ. Айта кету керек, бұл совхозда құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізіліп жатыр, бірақ сол көп құрылыстардың бірде-бірі осы уақытқа дейін дайын болмай отыр. Мәселен, орталық усадыбадағы сегіз пәтерлік үйдің құрылыс жұмыстары тек орталанып қана келеді. Ал саманнан салынып жатқан жатақхана қысқа дейін дайын болар емес. Көзгір жұмысшылар отырған стандартты үйлердің бірде-бірінде пеш жоқ, сол сыяқты олар сыланып, ағартылмаған.

Бірқатар совхоздарда тың жер игерушілердің тұрмыстық қажеттерін өтеу ісі де нашар. Еңбекшілер сапалы тұрмыс

Село мәдениет ошақтарының жұмысын барынша жақсартайық!

Қостанай облысы, Таран ауданының колхозшыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интеллигенциясының республиканың барлық еңбекшілеріне үндеуі

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июль Пленумдарының ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі шұғыл өрге бастыру жөніндегі қаулыларын жүзеге асыра отырып, Таран ауданының еңбекшілері 1954 жылы 120 мыңнан аса гектар тың және тыңайған жерлер игерді, дөңді дақылдардан жоғары өнім алды. Астық тапсырудың мемлекеттік жоспары мерзімінен бұрын орындалды. Аудан мемлекетке астықты былтырғы жылы қарағанда едәуір көп тапсырды. Үстіміздегі жылы колхоздардың экономикасы бұрынғысынан нығая түсті, колхоздар мен колхозшылардың табысы көп артты. Аудан ауыл шаруашылығының еңбекшілері күздік егуді табысты аяқтады, зябь жырту жоспарын орындауға жақын.

1955 жылы алдымызда көптеген міндет тұр. Біздің ауданымызда жаңадан 6 астық совхозы, 3 машина-трактор станциясы ұйымдастырылады. Тағы да 120 мың гектар тың және тыңайған жер көтеруіміз, қосымша миллиондаған пұт астық өсіріп, оны жыйнап алуымыз керек.

Коммунистік партия мен Совет үкметі ауыл шаруашылығын өрге бастыру міндетін шешумен қатар село еңбекшілерінің барған сайын өсіп отырған материалдық және мәдени-тұрмыстық талап-тілегін орындауға талмастан қамқорлық көрсетіп келеді. Бұл, ең алдымен селодағы мәдени-ағарту мекемелерін, радио тораптарын, киноустановақаларды кеңейту және олардың жұмысын жақсарту ісінен айқын көрінеді.

Біздің ауданымызда соңғы жылдардың ішінде аудандық Мәдениет үйі, аудандық кітапхана, 12 электр станциясы, оның ішінде 7 колхоз электр станциясы, 29 радио торабы, оның ішінде 22 колхоз радио торабы салынды. Колхоздарда жаңадан 8 клуб салынды. Ауданымызда 26 мәдени-ағарту мекемелері және 10 киноустанова (оның ішінде 6 тұрақты киноустанова) жұмыс істейді.

Алайда село халқына мәдени қызмет ету еңбекшілердің тез өсіп отырған рухани тілегіне сай келмейді. Көптеген колхоздар мен елді пункттерде осы кезге дейін клуб, кітапхана жоқ, колхоздардың кітапханаларындағы кітап қоры жаңа әдебиетпен жеткіліксіз толықтырылады, сойтіп кітап оқушылардың кітапқа деген тілегін қанағаттандырмайды. Селолық көркем өнерпаздар жұмысы нашар өркендеуде.

Селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына зор маңыз беріп, еңбекшілер арасындағы саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын күн санап жақсартпайынша ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастыру мүмкін еместігін ескеріп, біздер, Таран ауданының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары, село интеллигенциясының өкілдері, өзіміздің мүмкіндіктерімізді есептей отырып, біздің аудандағы Молотов

бры» колхоздарындағы клуб үйлерін, Шевченко атындағы, Жамбыл атындағы, «Коммунар», «Степной крестьянин», «Трудовое поле», «Новый луч» колхоздарындағы кітапханалардың үйін күрделі жөндейміз, сол сыяқты, қажет болған жерде мәдени-ағарту мекемелерінің үйлерін жай жөндеуден өткіземіз.

3. Үстіміздегі жылдың 1 ноябрінен қалдырмай мәдени-ағарту мекемелері үшін бүкіл қыс бойына жетерліктей етіп отын әзірлейміз.

4. Үстіміздегі жылдың күзінде және 1955 жылы аудандың елді пункттерін көгалдандырамыз, әрбір үй алаңына кемінде 20—25 түп жеміс және әсем ағаштар отырғыза-мыз.

5. Әрбір колхозда көркем өнерпаздар үйірмелерін құрамыз. Олар үшін: Молотов атындағы, Жамбыл атындағы және «Знамя Советов» колхоздарында духовой оркестр, басқа ауылшаруашылық артельдеріне—пианино, баян, гармонь, шекті музыка аспаптарының комплектілерін сатып аламыз.

6. Барлық далалық бригадаларда, мал фермаларында қызыл бұрын жабықтаймыз, оларды радиоқабылдағыштармен және жылжымалы кітапханалармен қамтамасыз етеміз, бригадалар мен фермаларда айына кем дегенде екі рет кинофильмдер көрсетуді ұйымдастырамыз.

7. Жоғарыда көрсетілген шараларды ұйымдастыру үшін колхоздардың қаржысынан 2,5 миллион сом мөлшерінде ақша бөлеміз, оның ішінде 130 мың сомы кітапханалар үшін кітап сатып алуға бөлінеді.

8. Лекторлардың қоғам жұмысында істеушілердің күшімен колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда қоғамдық-саяси, ауыл шаруашылығы және ғылыми-жаратылыстану тақырыптарына кем дегенде айына екі рет лекция оқылуын ұйымдастырамыз.

9. Орта мектептерді бітіріп, жұмыс істеуге және мәдени-ағарту қызметкерлері мамандығын алуға тілек білдірген комсомолецтер мен жастардан мәдениет мекемелеріне қабілетті, инициативалы қызметкерлер іріктеп аламыз.

10. Кітапханалардың, оқу үйлерінің жұмысын жақсартамыз, саяси, ғылыми-жаратылыстану, ауыл шаруашылығы және әдеби кітаптардың бұқараға кеңінен жеткізілуін қамтамасыз етеміз, жылжымалы кітап саудасын және кітап жетістіріп беруді ұйымдастырамыз.

Біз саяси-бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары ауылшаруашылық жұмыстарының барлық түрін дер кезінде және сапалы жүргізілуіне, мал қыстатуды табысты өткізуге, көктемгі егіске үлгілі әзірленуге, тың және тыңайған жерлерді игеру жоспарын толық орындауға және колхоздарды ұйымдастыру-шаруашылық жағынан барған сайын ны-

„Севастопольді қорғау“ панорамасының ашылуы

СЕВАСТОПОЛЬ, 16 октябрь. (СОТА). Бүгін, Бүкілодақтық мерекесі—1854-1855 жылдарда Севастопольді ерлікпен қорғаудың 100 жылдығы қарсаңында жауынгер қаланың еңбекшілері, Қара теңіз флотының соғыс теңізшілері және Москвада, Ленинградтан, Киевтен, еліміздің басқа да қалаларынан мерекеге келген сансыз көп қонақтар даңқты он төртінші басты оғра жақын жердегі тарихи бульварға жыйналды. Мұнда күмбез тәріздес төбелі зәулім үйдің жанында «Севастопольді қорғау» панорамасының ашылуына арналған митинг болды.

Орыс армиясы мен флотының 1854-55 жылдардағы Севастопольді қорғау кезіндегі ерлігіне арналған теңіздегі соғысты көрсететін бұл тамаша суретті бұдан 50 жыл бұрын Ф. А. Рубо жасаған болатын. Панорама ұзындығы 115 метр, биіктігі 14 метр зор полотнадан жасалған, оған ерлік уақыттың эпизодтары асқан шеберлікпен бейнеленген. Фашистік аюандар орыс даңқының бұл тамаша ескерткішін қыйратты. Соғыс аяқталғаннан кейін панораманы қалпына келтіру басталды. СССР көркемсурет Академиясының толық мүшесі П. Соколов-Скальдің басқаруымен бір топ совет суретшілері көзге бұл жұмысты аяқтады.

Митингті еңбекшілер депутаттарының Севастополь қалалық Советі аткомінің председателі Сосницкий жолдас ашты. Қара теңіз флоты саяси басқармасының бастығы контр-адмирал Балачев суретшілер коллективінің творчестволық табысымен құттықтады және панораманы қайта қалпына келтіретін үшін оларға алғыс айтты.

Митингте қала интеллигенциясы атынан—муғалима Дювец, панорама үйін қалпына келтіруге қатысушы қала құрылысшысы Ильин жолдас, УССР Мәдениет министрінің орынбасары Коваль жолдас, суретшілер коллективінің жетекшісі П. Соколов-Скаль сөз сөйледі.

Көз алдында орыс халқының ерлік күресінің тарихындағы тамаша уақытгаларының бірін бейнелейтін орыс искусство-сының тамаша шығармасы пайда болады. Малахов Бұрғанында соғыстың ортасында ер жүрек қорған қорғаушыларының арасында тұрған сыяқты әсер пайда болады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық

қан құрылыстардың көлемі де өте зор.

Маленков атындағы жаңа ұйымдастырылған астық совхозының жұмысшылары быйылғы жылы құрылыс жұмыстарында зор табыстарға ие болды. Совхоз құрылысшыларының қажырлы еңбегі нәтижесінде бұрын адам аяғы баспаған құлазыған далада кәзір сәулетті поселка пайда болды. Кәзір бұл совхоз жұмысшыларының бәрі дерлік тұрғын үйлермен қамтамасыз етілген. Майбалық көлінің жағасына қоныстанған Булаев совхозының жаңа поселкесі де күннен-күнге көркейіп келеді. Бұл жаңа поселкелердегі жаңа үйлер механизаторлар мен егіншілердің тұрмыстық қажеттерін өтеуге лайықталып салынған. Ал поселканың орталығында салынған немесе салынып жатқан клуб, магазин, аурухана мен байланыс үйі, асханалар мен басқа да тұрмыстық мекемелер үйлерінің құрылыс жұмыстары да аяқталып келеді.

Тың жер игеріп жатқан патриоттарды мәдени қамту ісі де кеңінен жүргізілуде. Быйылғы жылы жаңа совхоздардың көпшілігінде ашылған жаңа мектептер оқу жылын зор ұйымшылдықпен бастады. Ал мәдени-ағарту мекемелері тың жер игерушілердің арасында мәдени-бұқаралық жұмыстарды жүргізуде айтарлықтай табыстарға жетіп отыр. Патриоттардың тұрмыс-

қалғанына қарамастан облыстық және аудандық тұтынушылар одағы оларды қысқы киімдермен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмыстарын қанағаттанғысыз жүргізіп отыр. Мәселен, Докучаев, Вильямс атындағы совхоздардың жұмысшылары үшін осы уақытқа дейін қажетті қысқы киімдер жеткізілмеген.

Жаңа жерлерге қоныстанушылар үшін жан-жақты қамқорлық жасау ісінде кездесіп отырған кемшіліктерге тіпті де төзуге болмайды. Ал қажырлы еңбек иелерінің тұрмыстық қажеттерін толық өтеу—жергілікті партия, совет ұйымдары мен шаруашылық органдардың аса маңызды міндеттерінің бірі. Бұл үшін жаңа қоныстанушы әрбір семьяны тұрғын үймен қамтамасыз ету, жаңа совхоздарда клуб, кітапхана, аурухана, радиоторабы, шаштараз, киноустановка салуды тез арада аяқтау қажет. Сол сияқты партия ұйымдары құрылысшылар арасында жарысты кең өрістетуге, бұл жұмыстарда коммунистердің авангардтық ролін арттыруға және құрылыс мекемелері қызметкерлерінің жауапкершіліктерін күшейтуге міндетті.

Ауыл шаруашылығы еңбекшілері үшін жан-жақты қамқорлық жасау—зор абройлы міндет. Жергілікті партия және совет ұйымдары олардың тұрмыстық қажеттерін толық өтеу ісін өз назарларынан тыс қалдырмауға тиіс.

Г.М. Маленковтың Англия парламентінің делегациясын қабылдауы

16 октябрьде ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленков ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовпен бірге ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша Совет Одағына келген Англия парламенті мүшелерінің делегациясын қабылдады.

Қабылдауда делегацияның басшысы лорд Коулрэйн, делегация басшысының орынбасары Несс Эдвардс, делегация мүшелері—герцог Веллингтонский, Страбоджи, Мотт-Редклифф, Фредерик Эрролл, Отто Прайор-Палмер, Никсон Браун, Эдит Питт, Ральф Кларк, лорд Листоуэль, Стэнли Эванс, Джордж Уинг, Кристофер Мэйхью, Элейн Бэртон, Артур Холт болды.

Бір сағаттан астам уақытқа созылған еркіндік және жылы жүзді жардайд өткен әңгіме кезінде халықаралық жағдайға және ССРО мен Англия арасындағы қатынасқа байланысы бар мәселелер жөнінде сөз болды.

Қабылдауға Великобританияның ССРО-дағы Төтенше және Полномочилі Елшісі У. Хэйтер қатысты.

Октябрь алдындағы жарыстың инициаторларында

Қазақстан астанасының өнеркәсіп орындарындағы Октябрь алдындағы социалистік жарыстың инициаторы—Алматының ауыр машиналар жасау заводы бүкілхалықтық мейрам құрметіне өндірістік алғашқы табысқа жетті. Кәсіпорын коллективі онайлық жоспарды бүгін мерзімінен бұрын орындады. Құрметті заказ ойдағыдай орындалды—Қытай Халық Республикасының кабель заводына арналып мыс-сым жасайтын қуатты екі стан жасалды.

Алматының машина жасаушылары үстіміздегі жылы еліміздің металлургия және кабель өнеркәсібі заводтарына арнап сым жасайтын стандарты өткен

жылдағыдан екі есе көп шығарды. Кәсіпорын көмір және кокс-химия өнеркәсібіне электр станциялар мен құрылыстарға арналған жүздеген лебедка, рольганг, листоукладчик және басқа көптеген өнім шығарды.

Завод кәзір құрметті жаңа заказды орындау жолында жұмыс істеуде—жаңа Қытайдың тұнғыш паровоз жасау заводына арнап паровоз біліктерін шығаруды меңгеруде. Машина жасаушыларға төртінші тоқсанда қамыс шомдар жасауға арналған 50 пресі жобалап, оларды жасау тапсырылды.

(БастАГ).

атындағы ауылшаруашылық артелінің қолхозшыларының бастамасы бойынша, мәдени-ағарту жұмыстарын жақсартуға өзіміздің үлесімізді қосуды ұйғардық және өзімізге төмендегідей міндеттемелер аламыз:

1. Қолхоздардың қаржысына, село халықтарының түгел қатысуымен 1954—1955 жылдар ішінде:

а) Молотов атындағы ауылшаруашылық артелінде 400 мың сомдық Мәдениет үйін саламыз;

б) он бес қолхозда жаңадан қолхоз клубын саламыз;

в) әрбір қолхозда, әрқайсысының кем дегенде 500 кітап қоры бар, кітапхана болуын қамтамасыз етеміз;

г) қосымша сегіз радио торабын саламыз және қалған елді пункттердің барлығын да радиоландырамыз, сөйтіп, ауданның түгелдей радиоландырылуын жүзеге асырамыз;

д) физкультура мен спортты барған сайын өрістетуге беру мақсатымен аудан орталығында және Молотов атындағы қолхозда стадиондар саламыз және барлық қолхоздарда спорт алаңдарын жабықтаймыз.

2. Карл Маркс атындағы, Шевченко атындағы, Жамбыл атындағы, «Колос», «III Интернационал», «Красный Октя-

Шығыс Қазақстан облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Шығыс Қазақстан облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Үстіміздегі жылы өткен бүкіл жыл бойғымен салыстырғанда мемлекетке 12 миллион 592 мың пұт астық, оның ішінде 8 миллион 592 мың пұт бидай артық тапсырылды және сатылды. Облыс қолхоздары МТС жұмыстары үшін тапсырылған есеп бойынша және мемлекетке сату ретімен мемлекетке астық тапсыруды жүргізіп жатыр, тұқым және мал азығы қорын құйып алуда және қолхозшыларға еңбеккүнге астық беруде.

Кәзіргі уақытта облыс қолхозшыларының, қолхозшы әйелдерінің, МТС және совхоз қызметкерлерінің барлық күші күнбағысты, картоп пен омыртқы жыйнауды аяқтауға, келесі жылдың егісі үшін жер дайындауға, мал қыстатуға әзірленуге және оны өткізуге жұмылдырылған.

ғайтуға көмектесетіндей етіп жүргізілуі үшін барлық шараларды қолданамыз.

Жолдастар, Қазақстанның қолхозшылары мен қолхозшы әйелдері, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілері!

Өзімізге осы міндеттемелерді ала отырып, сіздерді бізден үлгі алуға және қолхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда мәдениеттің үлгілі ошағын жасауға, мәдени-ағарту мекемелерін қыс жағдайында жұмыс істеуге кезінде әзірлеуге, селоларда мәдени-ағарту жұмыстарын барған сайын жақсартуға түсуге белсене қатысуға шақырамыз. Осылардың бәрі Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік ауыл шаруашылығымызды жедел өрге бастыру, село еңбекшілерінің мәдени дәрежесін барған сайын жақсартуға түсу жөніндегі алға қойған міндеттерін табысты шешуге көмектеседі.

Үндеу Қостанай облысы, Таран ауданының қолхозшыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интеллигенциясының жалпы жыйналыстарында талқыланып қабылданды.

Талдықорған облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындау жоспарын орындады

Талдықорған облысының қолхоздары мен совхоздары астық дайындаудың және сатудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Үстіміздегі жылы мемлекетке өткен бүкіл жыл бойғымен салыстырғанда үш миллион 457 пұт астық, оның ішінде екі миллион 623 мың пұт бидай артық тапсырылды. Облыс қолхоздары МТС жұмыстары үшін тапсырылған есеп бойынша және мемлекетке сату ретімен мемлекетке астық тапсыруды әлі жүргізіп жатыр және қолхозшылардың еңбеккүніне астық беруде. Облыс қолхоздары мен совхоздары өздерін 1955 жылдың көктемгі егісіне керекті тұқыммен толық қамтамасыз етті.


көрмесінде

17 октябрьде Көрмеде Т. С. Мальцевтің лекция оқуы негізгі оқыға болды. 30 облыс пен өлкелердің мыңнан астам экскурсант-қолхозшылары әкімшілік корпусының конференц-залына жыйналды. Қолхоз ғалымы өзінің жер қыртысын өңдеу және егіс системасы туралы айтты, көптеген сұрақтарға жауап берді.

Экскурсант-қолхозшылардың ғалыммен кездесуі кеше Көрменің басқа да лекциялық залдарында және павильондарында болды. Көптеген экскурсанттар «Жер шаруашылығы» павильонында, минералдық тыңайтқыштарды қолдануға арналған стенд жанында болды. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты А. Чернавин фосфорит ұнының қолхоз өндірісінде пайдалану жөнінде сөз сөйледі.

—Басқа минералдық тыңайтқыштардан фосфорит ұнының ерекшелігі,—деді ол,—ауыл шаруашылығы дақылдарына алағұрлым ұзақ мерзімге дейін әсер етеді. Бірқатар ғылыми-зерттеу мекемелерінің тәжірибе учасқтерінде бұдан бірнеше жыл бұрын жерге төгілген фосфорит ұны осы күнге дейін егін өнімін арттыруға жемісті әсерін тигізуде.

Кеше Көрменің қолхозшылардың мәдениет үйінде 300-ден астам егіншілер мен механизаторлар «Фредрик Шопен» концерт-лекциясын тыңдады. Музыка жетекшісі Г. Назарян поляктың ұлы композиторының творчествосы туралы айтты. Бұдан кейін Москваның мемлекеттік филармониясының артистері Шопеннің бірқатар шығармаларын орындады. Кешке Көрмеге қатысушылар мен экскурсанттарға Москва кәсіпорындарының көркем өнерпаздар коллективтері ойын көрсетті. (СОТА).



Алтай өлкесі. СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Барнаулдағы Ленин проспектісінде жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлер құрылысы. 2. Якутск. Жуыр арада Ленинградтан келген басқа да өзен кемелерімен бірге Солтүстік теңіз жолымен жолаушылар тасыйтын «Ыссық көл» теплоходы да келді. Жаңа теплоход Якутск-Тикси-Якутск сапарына шықты. СУРЕТТЕ: жолаушылар тасыйтын «Ыссық көл» теплоходы Якутск қаласының пристанында тоқтап тұрған кезі. (СОТА-ның фотохроникасы).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Колхоз коммунистерінің сөзі

Жданов атындағы колхоз (Преснов ауданы) соңғы кезде шаруашылық жұмыстарының барысын төмендетіп алды. Мәселен, колхоз егін шаруашылығының мәдениетін арттыра алмады. Сондықтан егіннен мол өнім алынбады. Колхоз мемлекетке 9184 центнер орнына, небары 6196-ақ центнер астық тапсырды. Қоғамдық мал басының өсуі жеткіліксіз болып отыр. Әсіресе ірі қара мал өсіру жоспары колхозда небары 69,6 процент орындалды.

Колхоз бастауыш партия ұйымының жақында болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында міне осы және басқа кемшіліктер еңгіме болып, келешекте ол кемшіліктерді жоюдың жолдары айтылды. Бастауыш партия ұйымы колхоз өндірісін жан-жақты өркендету жолындағы күреске нақтылы басшылық жасай алмады, жарыссөзде сөйлеген коммунистер партия ұйымының жұмысын осы тұрғыдан сынады. Партия ұйымы өзінің ішкі ұйымдастыру жұмыстарын жақсартпайынша, өз қатарының құрыптай берік, топтасқан ұйымшыл болуына жетіспейінше, шаруашылық жұмыстарына дұрыс басшылық жасай алмайтыны мәлім. Ал, партиялық-ұйымдастыру және саяси жұмыстарды бастауыш партия ұйымының секретары Некібаев жолдас әлсіретіп алды. Мәселен, партия жыйналыстары ешқандай жоспарсыз, тек аудандық комитеттің өкілі келгенде ғана өткізіліп келген. Әсіресе, ауылшаруашылық жұмыстарының маусымды кездерінде партия жыйналыстары өткізілмеген. Сондай-ақ, партия бюросының отырысы да Некібаев жолдастың салақтығынан жыл бойы екі-ақ рет болған.

Болжосшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстарының жайы да нашар. Үгіт коллективінің құрамындағы 12 үгітші тек сайлау науқаны кезінде ғана жұмыс істеді. Жазғы дала жұмыстары кезінде олар егіс бригадаларында болмады. Еңбекшілердің мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсарту ісінде де кемшіліктер жоқ емес. Партия бюросы бұл мәселені тіпті естен шығарды. Ал, аудандық мәдениет бөлімі тың жерлерді игерушілерді киномен нашар қамтып отыр. Быйыл жыл бойы колхозда 4-ақ рет кино көрсетілді.

Бастауыш партия ұйымының жұмысына нақтылы көмектер де жеткіліксіз болды. Мәселен, ҚБП аудандық комитетінің Николаев МТС-нің аймағы бойынша бұрынғы секретары Колесникова жолдас колхозға бір-ақ рет келді де, ізінше кетіп қалды.

Аудандық партия комитетінің секретарьлары Долженко, Болатбаев жолдастар колхозда болғанда партия ұйымының жұмысымен терең танысып, нұсқау, кеңес беруді ескермейді. Колхозға келсе, олар тек шаруашылық жұмыстары жөніндегі мәліметтер жыйнаумен ғана болып, партия ұйымының жұмысына қатысудың қажеттілігін білмейді.

Колхоз өндірісіне ықпалы аз партия ұйымы

Колхоз партия ұйымының бүгінгі таңдағы басты міндеті коммунистердің белсенділігін арттырып, колхозшы шаруаларды ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күреске бастай білу болып табылады. Бірақ, Совет ауданы «Аралғаш» колхоз бастауыш партия ұйымының (секретары М.Сейткереев жолдас) жұмысы бұл талаптар дәрежесінде бола алмай келеді. Мұнда ұйым есебінде 19 коммунист бар.

Бұл үлкен коллектив. Мұндай коллективтің жұмысынан игілікті нәтижелер күту өте орынды. Бірақ ұйым жұмысы бұл үмітті ақтап отыр деп айту қиын. Өйткені, оның колхоз өндірісіне ықпалы байқалмайды.

Оған дәлел, коммунистер жұмыстың жауапты бөліктеріне бөлінгенмен олардың жұмыстарына басшылық пен бақылау жасалмайды. Мұнда партия ұйымының жыйналыстарын шақыру, оған партияда жоқ алдыңғы қатарлы колхозшыларды қатыстыру, колхоз председателінің, дала бригадирлерінің, ферма менеджерінің есептерін тыңдау ұмыт қалған істердің бірінен саналады. Тіпті партия жыйналысының өзі жоспарсыз өткізіледі. Онда біздің қоғамның қозғаушы күштерінің бірі—сын мен өзара сын кезінен өрістетілмейді. Сол сияқты, алдыңғы қатарлы артель мүшелерінің еңбектері қол жеткен табыстары, озат тәжірибелері бұқара арасында кеңінен насихатталмай, көпшілік игілігіне айналдырылмай отыр.

Міне, осындай себептерден «Аралғаш» колхозы шаруашылық жағынан ауданда артта қалып келеді. Колхоз табысының негізгі екі бұлағының бірі—қоғамдық мал шаруашылығын өркендету тиісті дәрежеде емес. Сол сияқты быбылғы жылы ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарлы өнім алынбады. Колхоз ауылшаруашылық өнімдерін тапсыруда мемлекет алдында борышты болып қалды.

Бұл үшін ең алдымен колхоз коммунистері кінәлі екенін айтпай кетуге болмайды. Олардың бірқатары көктем егісі, шөп шабу және егін орағы сияқты маусымды жұмыстарда еңбекте өнеге көрсете алмады. Көктемгі егіс кезінде жер сапалы жыртылып, өңделмеді, тұқым себу агротехникалық ережеге сай жүргізілмеді. Соның салдарынан ескі жерлерді былай қойғанда, жаңадан игерілген 470 гектар тың жердің өзінен 315 центнер ғана өнім алынып, себілген тұқымды да ақтай алмады.

Шөп шабу жұмысында да үлкен кемшілікке жол берілді. Колхоз орталығындағы мал мен колхозшылардың қолындағы мал үшін жоспар бойынша 20 100 центнер мал азығы дайындалуға тиіс еді. Ал, дайындалған шөп небары 6 мың центнерден аз-ақ асады. Колхозшылардың малын былай қойғанда, колхоз орталығындағы малға да азық жеткіліксіз.

Төзгісіз жағдай кездесті. Мемлекетке астық тапсыру жоспары 20 проценттен аз-ақ артық орындалды. Тұқым жетіспейді. Қолда бар азық-тұқымның өзін құятын орын жоқ.

Кәзіргі кезде қолда бар күш-мүмкіншіліктер мал қыстатуға әзірлік, зыб жырты жұмыстарына пайдаланылуға тиіс. Алай да, бұл қолхозда мал қыстатуға әзірлік жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз. Мал қоралары жөндеілмеген. Шабылған шөп қора маңына тасылып алынбай, әлі күнге дейін далада жатыр. Ал, зыб жырты жоспары орындалғанмен, оның сапасы нашар.

Міне, мұның бәрі коммунистердің колхоз өндірісінде авангардтық роль атқармай жүргенін көрсетеді. Кейбір коммунистер басқаға үлгі көрсетпек түгіл өздері жұмысқа келергі жасайды. Партия мүшесі Бақтамыр Құрманғалиев жазғытуғым № 18 трактор бригадасына су тасуға бекітілген еді. Құрманғалиев бұл жұмысты ойдағыдай атқармады. Кезінде судың жеткізілмегендігінен тракторлардың аңыз үстінде тұрып қалатын жағдайлары жиі кездесті. Солай бола тұрса да Құрманғалиев партия ұйымының талақысынан тыс қалып отыр.

Екінші бір коммунист Мұхамед Қантарбаев жөнінде де осыны айтуға болады. Қантарбаев коммунистерге тән қасиетті сақтап алмайды, еңбек тәртібін бұрмалайды. Ал, бұларға ешкім көңіл аудармайды, олардың теріс қылықтарына тиісті мән беріліп, жұмысқа кесел келтіргенді үшін олар тиісті тәртіпке шақырылмады.

Колхоздың кейбір коммунистері өздерінің жеке мүдделерін қоғамдық мүддеден жоғары қояды. Коммунист М. Қантарбаев, О. Шатов, Ә. Жанғозия сияқты жолдастардың арқайсысы жеке меншігінде үн жылқыдан ұстап отыр. Мұның өзі артель Уставын бұрмалаушылық болып табылатынын ол жолдастар жақсы біледі. Сонда да онымен есептесер емес.

Колхозда мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері де елеусіз қалып келеді. Мәдениет орындарының жұмысы жете бағалайбайды. Оқу үйі колхоз кеңсесінің тар бөлмесіне орналасқан. Онда екі адам қатар отырып кітап оқудың өзі мүмкін емес. Клуб үйінің құрылысы басталғанына төрт жылдан астам уақыт өтті. Бірақ, оның ішкі жұмыстары әлі күнге дейін аяқталмай, пайдаға берілмей келеді.

Артель шаруашылығы мен мәдениетті өркендетуде мұндай өрескел кемшіліктерге жол берілуге аудандық партия комитеті де кінәлі. Аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымының жұмысында орын тепкен кемшіліктерді жою жөнінде тиісті шаралар белгілемеген. Міне осының салдарынан «Аралғаш» колхозы бастауыш партия ұйымының жұмысында осындай ірі кемшіліктерге

РСФСР мен Украинадан келгендер Ертіс бойында қалуда

ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Ертіс бойы совхоздарының тың жерде бітік өсірілген егінді жыйнап алуына Россия Федерациясы мен Украинаның 3 мыңдай совхоз жұмысшылары көмектесті. Бұлардың көпшілігі осында тұрақты жұмысқа қалуды ұйғарды.

Тәжірибелі механизатор Иван Иванович Ходаков Украинадан келгендердің үлкен бір тобымен бірге Запорожье облысынан №23 совхозға келген болатын. Егін жыйнау жұмыстары қызған күндерде ол астық тиесілікті ойдағыдай басқарып жұмыс істеді. Егін жыйнау аяқталғанда механизатор дирекцияға өтініш беріп, оны осы совхозға тұрақты жұмысқа алуды сұрады. Ходаковтың өтініші қанағаттандырылды. Кәзір ол трактор бригадасын басқарады. Оның бригадасы бес дизель тракторымен кәзірдің өзінде 600 гектардан аса зыб-жырты. Барлық механизаторлар еменалық тапсырманы асыра орындауда. Жаңа бригадир тракторшылардың еңбегін алғашқы күндерден бастап-ақ жақсы ұйымдастырды, машиналарды техникалық жұту графикінің орындалуын, жер жырты жұмыстарының сапалы болуын қатаң бақылап келеді.

Ходаков Украинаға хат жазып, әйелі мен балаларына жаңа жердің оған ұнайтынын және совхоздан пәтер алғанын хабарлады. Зыб жырты жұмыстары аяқталғаннан кейін ол семьясын көшіріп әкетуге келеді.

Мұнда егін жыйнау үшін Украинадан келген тағы да алты адам осы совхозға қалуға тілек білдірді. Украинадан келген механизатор Кутыя жолдас Екібастұз совхозына тракторшы болып кірді. Харьков тресі совхоздарының бұрынғы төрт жұмысшысы Бесқарағай қой совхозының штатына алынды. Облыс совхоздарында қалуға тілек білдіріп 100-ден аса адам өтініш тапсырды.

Түркібшілердің жарысы

Түркістан-Сибирь магистралінің коллективі октябрдің алғашқы он күндігінде астық тасу жоспарын асыра орындады. Өткен жылдағымен салыстырғанда жолда астық жеті есе көп тасылатын болды. Түркібше мейрам алдындағы социалистік жарысқа қатысушылардың барлық күш-жігері тың жерде өсірілген ондаған миллион тонна астықты тез және ырапсыз тасуға жұмсалуда.

Матай, Үштөбе, Алматы, Луговой, Жамбыл станцияларының коллективтері астық тасуды шебер ұйымдастырудың үлгілерін көрсетуде. Семей станциясындағы вагон байқаушылар Қаратаев, Пеньков, Ларионов жолдастар, слесарьлар Устинов пен Кияжалов жолдастар әрбір поездды нормадан 10 минут бұрын жөндеуде.

Аяғөз теміржолшылары еңбекте жаңа табыстарға жетуде. Дөңгө машинистері Чечерин мен Печеркин жолдастар салмағы нормадан 1.100 тонна артық астық тиенген поездды Аяғөзден Ақтоғайға жеткізді. Поезд тиісті станцияға дәл гра-

Сапалы жыртылған зыб— мол өнімнің негізі

★ Зыб жыртыуға мән бермейді ★

Ленин ауданының көптеген колхоздары зыб жыртыу жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. МТС-тердің озат трактор бригадалары тың және тыңайған жерлер жыртып, олардан алдағы жылы мол өнім алу үшін қажырлылықпен еңбектенуде. Механизаторлар сапалы жыртылған зыбтен келесі жылы мол өнім алынатынын өз тәжірибелерінен көріп жүр. Сондықтан да олар өз жұмыстарында кездескен кейбір кемшіліктерді қайталамау үшін жерді терең жыртып, аударылып түскен қыртысты дискелеп, агротехникалық талапқа сай жұмыстауда.

Ал, Пушкин атындағы МТС-тің қамтуындағы «Память Ильича» колхозында (председателі Ф. Марушкин, бастауыш партия ұйымының секретары А. Кортаненко жолдастар) зыб жыртыудың барысы мен сапасы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Колхоз жоспар бойынша 2700 гектар зыб жыртыуға тиіс еді. Бұл жоспардың кәзіргі орындалғаны 62 проценттен де аспайды. Колхоздың зыб жыртыуда осындай төмен дәрежеде болып отырғаны ең алдымен басшылықтың нашарлығынан. Өйткені колхозда әртүрлі маркалы 12 жаңа тракторлар жұмыс істейді. Бұл тракторлар екі бригадала бөлінген. Трактор бригадасының бригадирлері болып МТС-тің бұрынғы таңдаулы механизаторлары Резинцев, Ледовских жолдастар істейді. Бірақ бұл бригадалардағы тракторлардың көпшілігін жер жыртыудан гөрі, жұмыссыз бос тұратын уақыты көп. Мұнда түнгі смена ұйымдастырылмаған.

Мәселен, колхоздың № 2 трактор бригадасының (бригадирі Ледовских жолдас) құрамында бір «С—80», бір «ДТ—54», үш «СТЗ—НАТИ» және бір доңғалақты тракторлар бар. Солай бола тұрса да осы күнге дейін графиктік жоспардың орындалуы бригада бойынша 13,5 проценттен асқан емес. Мұның үстіне бір рет жыртылып өткен жер сапасыз болғандықтан қайта жыртылып, уақыт үнемді пайдаланылмайды.

Бұл жағдай негізсіз болып отыр?

Жоспар артығымен орындалды

Совет ауданы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелиінде (колхоз председателі Т. Жұнысов жолдас) пар көтеру, оны баптау және зыб жыртыу жұмыстары ұштастырыла жүргізіліп келеді. Мұнда жұмыс істейтін Совет МТС-і механизаторлары тың көтеруде үздік көрсеткіштерге ие болып келеді. Әсіресе, Погуляев жолдас басқаратын № 12 трактор бригадасының жұмысы әрі сапалы, әрі өнімді жүргізілуімен көзге түсуде. Бұл бригаданың құрамы елімізде астық молшылығын жасау мақсатымен тың және тыңайған жерлерді көптеп игеру тұрағы партияның

Еңалдымен МТС басшыларының (директоры Федяко жолдас) бұл колхоздағы механизаторлардың жағдайына, жұмыстың барысына ешқандай көңіл аудармағандығынан, тракторларды қосалқы бөлшектермен мезгілінде қамтамасыз етпегендігінен.

Мұнда жыртылған зыбтың осы күнге дейін бір гектары да дискелеңбей отыр. Себебі «жер жұмсақ, дискелеудің керекі не?» деген теріс пікірді колхоз председателі Марушкин жолдастың өзі ашық айтады. Механизаторлар мен бригадалар арасында социалистік жарыс формальді түрде қабылданған. Жарыстың барысы тексерілмейді, қорытындысы шығарылмайды. Алдыңғы қатарлы жеке механизаторлардың тәжірибелері, олардың қажырлы еңбектері басқаларға үлгі ретінде көрсетілмейді. Трактор бригадаларында үгіт-насихат жұмысы мүлде жүргізілмейді десе де болады. Үгітшілер тобының жетекшісі болып оқу үйінің меңгерушісі Черноусов жолдас істейді. Жыл басында колхоз бастауыш партия ұйымынан Дидеева, Гандорук, Башкатова, Расадин жолдастарды үгітші етіп бөлген болатын. Бұл жолдастарды не ферма басында, не механизаторлар арасында, не колхоз бригадаларында көруге болмайды.

Үгітшілер тобының жетекшісі Черноусов жолдас, үгіт-насихат жұмысы неге жүргізілмейді деп сұрағанда «бізде құрал жоқ» деп жауап береді. Әрине, оның «құрал жоқ» деуі бос сөз. Қажетті құралды іздестіру, үгітшілерге тапсырма беріп, жұмысты жолға қою оның ойына да кіріп шықпай отыр.

Колхоздың зыбты мерзімінде толық және сапалы жыртып бітіруге мүмкіншіліктері көп. Алайда ол мүмкіншіліктерді колхоз басшылары орынды пайдалана алмай келеді. Сондықтан да колхоз басқармасы орын тепкен кемшіліктерді тез жойып, зыб жыртыу жұмысын жолға қоюлары керек.

Н. ЕСІМОВ.

Есеп беру-сайлау жыйналысы партиялық-саяси жұмысты жақсарту шараларын белгілеп, оны жүзеге асыруды жаңадан сайланған партия бюросының құрамына тапсырды.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Қатаң жаза

Петропавл темір жол станциясының бас инженері Шербина маскүнемдікке салынып, жұмысқа мас болып келуді немесе жұмысқа бірнеше күн бойы келмей қоюды әдетке айналдырған.

Соңғы кезде жүкті тиеу және түсіру, астықты, басқа да ауылшаруашылық жүктерін тасу жұмыстарының өте қызу кезінде, Шербина өз міндеттерін атқаруды былай қойып, ішімдікке қайтадан салынды. Мұндай жиі ішу оның өндірістік жұмысына үлкен кедергі келтірді. Жұмысшылар арасында беделінен жұрдай болған ол еңбек тәртібін нығайту шараларын жүзеге асыра алмады. Ішімдікке салынғаны үшін Омск темір жолының жолдастық соты оны қатты айыптады және қызметтен босатты. КБШ қалалық комитетінің бюросы Шербинаға партиялық қатаң жаза берді.

А. ИМАНОВ.

ғудың өзі үлкен қиындыққа түсейін деп отыр.

Етін орағы науқанында да осындай

Партия ұйымының жыйналысы

Октябрь ауданындағы «Қызыл ту» колхозының бастауыш партия ұйымында жақында болып өткен есеп беру-сайлау жыйналысында партия ұйымының секретары Әбішев жолдас баяндама жасады. Баяндамашы бастауыш партия ұйымының колхоздағы шаруашылық жұмыстарының ойдағыдай жүргізілуіне партиялық басшылық, ұйымдастыру жұмыстарын жеткіліксіз жүргізгеніне, соның салдарынан колхоз шаруашылықтың барлық саласынан дерлік мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттерді әлі күнге дейін орындай алмай отырғанына тоқталды.

Әсіресе, колхозшылардың мәдени тұрмысын жақсарту жұмыстары жоқтың қасы. Мәселен, колхозда клуб, монша, дүкен, дәрігерлік пункт үйлері жоқ. Құрылыс жұмыстарын жүргізуге колхоздың толық мүмкіншілігі бар. Алайда, колхоз коммунистері мұндай игілікті іске әлі де инициатор бола алмай келеді.

Колхозда саяси-бұқаралық жұмыста-

рның жайы да қанағаттанғысыз. Бұл

істе село интеллигенттері—үлкен күш. Алайда, мұғалімдер Сердалина, Жауқенов, Мусин, Жекенов, Ахметов сыяқты жолдастар тек балаларды ғана емес, сонымен бірге халықты да идеялық-саяси тәрбиелеу қажеттігін біле тұра, оны ескермей жүр. Бұл жолдастар колхозшылар арасында бұқаралық саяси жұмысты өрістеу мақсатына тиісті үлес қоса алмай келеді.

Баяндамадан кейін жарыссөзге шыққан коммунистер бастауыш партия ұйымының секретары Әбішев жолдастың партиялық-саяси жұмысты өте сылбыр жүргізгенін қатты сынға алды. Есеп беру-сайлау жыйналысы коммунистердің белсенділігімен, сын мен өзара сынның кеңінен өрістеуі жағдайында өтіп, колхоздың шаруашылық жұмыстарындағы кемшіліктерді жою, партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде нақты қаулы қабылдады.

И. ӘЛІБАЕВ.

Е. МЫРЗАХМЕТОВ.
(Арнаулы тілшіміз).

Защита вагон участоғінің поезд-вагон мастері коммунист Скосарев жолдас айдан астық бөрі астық тиеген 10 эшелонды жол-жөнекей тоқтатпастан жүргізді. Машинистер Кобзер мен Болевич жолдастар салмағы 6.800 тонна астық тиеген поезды Шу-Луговой участоғінде жүргізді. Салмағы нормадағыдан 2.500 тонна артық бұл эшелон тиісті станцияға трафиктегіден бір сағат 15 минут бұрын жетті.

(ҚазТАГ).

Арыс-Түркстан каналының құрылысында

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Арыс-Түркстан каналының құрылысында жұмыс қарқынды күн сайын өрістей түсуде. Үш құрылыс участоғі—Бадам, Қарасан және Бөген участоқтері ұйымдастырылды. Бөген поселкесінде асхана, клуб ашылып, тұрғын үйлер салынууда.

Жаңа құрылысқа жерқазатын машиналар—бульдозерлер, скреперлер, грейдерлер, экскаваторлар келіп түсуде. Бадам, Задария, Түркстан, Көксарай МТС-терінің меллиорациялық отрядтары Бөген плотинының іргетасын орнатып жатыр.

Каналдың ұзындығы 143,5 километр негізгі бөлігі Бөген су қоймасынан Түркстанға дейін жеткізіледі. Осы арадан алғашқы ондаған мың гектар жер суарыла бастады. 12 октябрьде су қоймасы ауданында жер қазу жұмыстары басталды. Төрткөл және Шолаққорған машина-меллиорациялық станцияларының механизаторлары жер қазу жұмыстарын жүргізуде. Бұлар жылдың аяғына дейін 470 мың текше метр жер қазуға міндеттенді.

Арыс өзенінің болшақтағы Бөген су қоймасымен жалғастыратын участоқта жұмыстың ең ауыр бөлігін орындауға тура келіп отыр. Бұл каналдың жағалауы кейбір жерде 18 метрге дейін биік болады. Топырақ қазу жұмыстары гидромеханизмдермен атқарылады. Бұлардың жұмысына электр қуаты керек, сондықтан қазір құрылыста электр станциясы салынууда.

Жазушы Сәбит Мұқановпен кездесу

Жазушы Сәбит Мұқанов облысымызда творчестволық командировкада жүр. Ол облысымыздың тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан совхоздары мен колхоздарында болды. Жазушы партияның шақыруы бойынша облысымызға келіп, бұрын ел мекендемеген жерлерде жаңа астық фабрикаларын жасап жатқан патриоттармен кездесті.

16 октябрь күні қалалық партия комитетінің кітапханасында Сәбит Мұқанов қаланың кітап оқушыларымен кездесті. Оған кәсіпорындарының жұмысшылары мен қызметшілері, студенттер мен оқушылар келді.

Сәбит Мұқанов жуырда болып өткен Қазақстан совет жазушыларының III съезінің қорытындылары және өзінің творчестволық жоспары туралы айтты.

Бұдан кейін жазушы кітап оқушылардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

шақыруына жауап ретінде келген қалақстандық жас патриоттардан құрылған болатын. Бригада мүшелері өздерінің патриоттық сезімдерін іс жүзінде көрсетуде. Олар көктемгі егіс кезінде тың кәтерге жөніндегі жоспарды МТС көлемінде асыра орындап, МТС-тің Ауыспалы Қызыл Туын алды.

Колхоз мезгілінде жырттылып, жақсы бапталған пар мен зыбтың келесі жылғы егіннен мол өнім алуға толық жағдай жасайтындығын өз тәжірибесінен көріп жүр. Сондықтан колхозда зыб жырту жұмысы кең өріс алып отыр. Быйыл жоспар бойынша 1600 гектар пар жырттылуы керек еді, ол 1628 гектар болып артығымен орындалды. Трактор бригадалары парды өңдеу, баптау істеріне ерекше назар аударуда. 1232 гектар парға бір рет және 735 гектар парға екінші рет баптау жұмыстары жүргізілді.

„Ударник“ кәсіпшілік артелінде

Қаладағы «Ударник» кәсіпшілік артелінде соңғы жылдары механикаландырылған ағаш тілегін ара орнатылып, жаңа совхоздарға құрылысқа керекті тақтай дайындайтын болды. Сондай-ақ, артель әртүрлі алюминий ыдыстарын жасап шығаруды игерді.

Үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде өндірістік жоспар бойынша, 512 мың сомның көпшілік тұтынатын бұйымдарын жөндеуден өткізу және облыстың тың және тыңайған жерлерін игеріп жатқан колхоздары мен совхоздарына құрылыс материалдарын дайындап беруге, ондаған диномоторларын жөндеуден өткізуге міндеттенген едік. 9 айға белгіленген өндірістік жоспар 154 процент орындалды. Өнімнің өзіндік құны едәуір кемітіліп, шығарылатын және жөнделетін бұйымдардың сапасы да жақсара түсті.

Өнімнің сапасын жақсартып, еңбек өнімділігін арттыруда социалистік жарысқа түскен шаруашылық бұйымдарын жөндеуші мастер И. Сорокин, электр приборларын жөндеуші Я. Павлов, механикалан-

килограмм жанар май үнеміден. Жөндеу, Перистов бір бескүндікте 80 килограмм жанар май үнемдеуге жетісті. Осындай үздік еңбегі үшін жас механизаторға аудандық комсомол комитетінің құрмет грамотасы тапсырылды. Бұл сыяқты зор құрметке ие болған Перистов еңбекте бұрынғыдан да жоғары табыстарға жете беру жолында еңбек етуде.

МТС механизаторлары қол жеткен табысты баянды ете отырып, зыб жырту жұмысын тың жерлерді игеру есебінен жүргізе бермек. Олар Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі алдында бүкіл елімізде кеңінен үн қоса отырып, мереке күніне дейін өріс алып отырған социалистік жарысқа зыбты көптеп жыртуға міндеттеме алып отыр.

Е. ШӨЖЕЕВ.

дырылған арамен қарағай тілуші Н. Косогоров жолдастар жарыста үнемі алда келеді. 9 айлық өндірістік жоспарды И. Сорокин 117 процент, Н. Косогоров 141 процент, Я. Павлов 261 процент орындап шықты.

Біз үстіміздегі жылы артель қарағайындағы үйлерді, мастеркойларды жеңіл және күрделі жөндеу жұмыстарын ерте бастан қолға алған едік. Кәзір жоспарланған жөндеу жұмыстарының 90 проценттен астамы толық орындалып, қысқа әзір етілді.

Артельдің барлық коллективі Октябрь мерекесіне дейін, облыс колхоздары мен совхоздарында құрылыс материалдары көп дайындап берумен бірге халық тұтынатын бұйымдарды сапалы және көп шығаруға, өнімнің өзіндік құнын кеміте беруге өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алып, оны аброймен орындап шығу күресін бұрынғыдан да күшейте түсуде.

А. ПОПОВ,

«Ударник» кәсіпшілік артелінің председатели.

Уақытты ұтқандар

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасқан Петропавл депосының машинистері еңбекте жаңа табыстарға жетуде.

№ 19—872 паровозының машинисі Вячеслав Рожановский жолдас Макушин станциясынан Петропавлга жасаған соңғы сапарында локомотивтің техникалық және орта төуліктік жүріс жылдамдығын арттыруда жақсы көрсеткіштерге жетті. Ол паровоздың техникалық жүріс жылдамдығын сағатына бірнеше километр арттырып, паровоздың айналымын үш сағатқа дейін кемітті. Ал, локомотивтің орта төуліктік жүріс жылдамдығын графикатегіден 100 километрге жуық асыра орындап, жүк тиеген составты станцияға 30 минут бұрын жеткізді.

Өзінің поезды алып жүру шеберлігін меңгергендігінің нәтижесінде барлық техникалық көрсеткіштерді мүлтіксіз жүзеге асырып, жоспардан тыс 2575 тонна жүк тасыды. Рожановский жолдас жолдағы станциялардың бірде-біріне қосымша су алуға тоқтамастан және паровозды поездан ағытпастан айналымға мерзімінен әлде қайда бұрын берді.

Осы октябрь айының өзінде Петропавл паровоз депосының машинистері ауыр жүк тиеген 124 составты Есілжол және Макушин станцияларына белгіленген уақыттан бұрын жеткізді. Демода уақытты ұтқан озат машинистердің саны күн асқан сайын көбейіп келеді.

В. АНТОНОВА.



Жаңадан ұйымдастырылған Жамбыл атындағы астық совхозының партия ұйымы жұмысшылар мен қызметкерлер арасында газеттер мен журналдарға жазылу жұмысын ойдағыдай өткізуде. Кәзір совхоздың барлық жұмысшылары мен қызметкерлері газет, журналдар жаздырып алдырады.

СУРЕТТЕ: хат тасушы **Мария Санниевич** (сол жақтан екінші) **М. Ковалев** басқаратын озат құрылысшылар бригадасына жаңа әкелінген газеттер мен журналдарды таратып тұр. **Суретті түсірген А. Розенштейн.**

ол және жасампаздық міндеттерін шешу жолында сеніммен алға басуда. Бұдан әрі республикалық үкмет Батыс Германияны қайта қаруландыруды бүркемелеу үшін европалық қорғаныс бірлестігі (ЕКБ) деп аталатынды неғұрлым тез құруға жетуіне үде берді. Даллестің бұл жоспарлары да іске аспай қалды. Американдық дипломаттарының Индо-Қытайда «балық аулағысы» келді, бірақ мұнда да олар сәтсіздікке ұшырады: жер шарының осы ауданында бейбітшіліктің қалпына келтірілуіне бөгет жасауға олар қанша тырысқанмен бұл қолынан келмеді, сөйтіп Женева кеңесі Индо-Қытай проблемасын бейбітшілікпен шешу жөнінде өзінің мақсатына жетті.

Республикашылар үкметінің ішкі саясатының қорытындысында да істің, жайы өте-мөте нашар. Өкмет басына келіп алғаннан кейін республикалық партия, ең алдымен, өз қожаларының сенімін ақтауға тырысты. Вашингтонда құрылған үкметтің барлық ең маңызды қызмет орындары американдық ірі капиталдың тікелей өкілдеріне берілді. Рокфеллердің өкілі Даллес — АҚШ-тың мемлекеттік секретары, Дюпон концерндерінің өкілі Вилсон қорғаныс министрі, кливлендтік финан тобының өкілі Хэмфри финан министрі, Морган үйімен тығыз байланысты бостандық финан тобының өкілі Уикс сауда министрі болды, тағысын тағылар. Конгресте ірі капиталдың елдің ұлттық байлықтарын тонауы ғана болып табылатын заң жобалары дереу әзірленіп, қабылдана бастады. Мысалы, бұған дейін мемлекеттің меншігінде болып келген мұнай орындарын пайдалануға право алуудан ғана ірі мұнай компаниялары 50 миллионнан 300 миллион долларға дейін пайда табады. Мұнымен бірге, синтетикалық каучук өндіретін көптеген үкмет заводтары, электр станциялары және басқалары же-

дер деп аталатындар бар, бұл тізімдерге билеуші топтарда күдік туғызған барлық адамдардың аттары жазылады. Бұл тізімге алынған американдық адамына жұмыс тауып алу мүлдем дерлік мүмкін емес. Құрама Штаттарда «қызыл бүлікке» қарсы күрестің қандай дәрежеге жеткенін мына бір фактінің өзі-ақ айқын дәлелдейді: АҚШ-тың көптеген кітапханаларында оқушыларға атақты американдық жазушысы Марк Твеннің кітаптарын беруге тыйым салынған.

АҚШ-та Коммунистік партияға тыйым салынуы өрескел, ашықтан-ашық фашистік әрекет болды. Компартияға тыйым салу туралы заң бойынша Коммунистік партияның қатарында болу бес жыл түрмеде отыруға жазаланатын және ақшалай үлкен айып салынатын қылмыс деп саналады. Американдық жұртшылығының қалың топтары АҚШ Коммунистік партиясына тыйым салынуын АҚШ-тағы барлық демократиялық ұйымдарға қарсы бағытталған фашистік әрекет деп әңке-релеп, айыптады.

Өзінің сайлау алдындағы науқанын осындай жағдайда бастап, республикалық партияның басшылары өте зор абыржушылық көрсетіп отыр. Американдық сайлаушыларының республикалық партияның орнатқан «тәртіптеріне» наразылығы туралы алғашқы хабарлар өткен жылы күзде-ақ, кейбір штаттарда конгрестің ішінде сайлауын өткізу американдық сайлаушыларының республикалық партиядан аулақтай бастағанын көрсеткен кезде алынған болатын. Республикашылар тіпті жуықта ғана жаңадан сәтсіздікке ұшырады. 13 сентябрьде республикашылар әдетте сайлауда ешқандай қиындықсыз жеңіске жетіп жүрген Мэн штатында губернатор және АҚШ конгресіне өкілдер сайланды (дәстүр бойынша, бұл штатта сайлау әрқашан бүкіл елдегіден шамамен

алауыздықтарды келіссөздер жүргізу жолымен шешуге қарсы айбат шегіп, Женева кеңесінің нәтижелерін айыптады, ӨКБ-нің председателі Рейтер де осындай пікірде сөйледі. Сол съездегі сөйлеген сөзінде ол қарулану және дүниежүзілік жаңа соғысқа әзірлену программасын кеңейтуге шақырды.

АЕФ мен ӨКБ басшыларының позициясы халықаралық қатынастардың онан әрі бірқалыпқа келтірілуін, салық ауыртпалығының жеңілдетілуін және өздерінің материалдық жағдайының жақсартылуын аңсап отырған американдық еңбекшілерінің ой-пікірін ешқандай мөлшерде бейнелей алмайды. Алайда, елдің еңбекші халқының мүдделерін шын мәнінде көздейтін американдық прогресшіл ұйымдар жұмыс жүргізу өте-мөте қиыны болатын жағдайға қойылған. АҚШ-тың көптеген штаттарында «адалдықты тексеру» деп аталатын туралы, «бүлдіру әрекеттерімен күрес жүргізу» туралы және басқа заңдар қолданылады, бұл заңдар АҚШ-тың прогресшіл топтарынан конгреске кандидаттар ұсынуға мүлдем мүмкіндік бермейді. АҚШ-та Коммунистік партияға тыйым салу туралы қабылданған заң жағдайды бұрыныдан да шиеленістіріп, жұмысшы табының ұйымдарын шын мәнінде сайлауға белсене қатысу мүмкіншілігінен айырып отыр.

Солай бола тұра да АҚШ-тың прогресшіл күштері сайлау науқанына барған сайын кеңінен қосылып, оны халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету жолындағы, дүние жүзінің барлық елдерінің халықтары арасында ынтымақ орнату жолындағы, американдық халқының материалдық жағдайын жақсарту және оның азаматтық праволарын қорғау жолындағы күрес ұранымен жүргізуде.

М. ФЕДОРОВ.

Тайваньдағы американдық арандатушылық

ПЕКИН, 16 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, 14 октябрьде АҚШ мемлекеттік секретарының Қызыл Шығыс істері жөніндегі көмекшісі Робертсон чанкайшилік банданың басшыларымен келіссөздерді аяқтағаннан кейін Вашингтонға ұшып кеткен. Телеграммада Робертсон мен Чан Кай Шидің келіссөздері кезінде американдық көмектің «кең көлемде берілетіндігіне» чанкайшилік банданың сендірілген, сол сыяқты АҚШ қытай халқының Тайваньды азат етудегі заңды правосын жүзеге асыруға бөгет жасауға ниеттеніп отырғандығы

атап көрсетілген. Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, бұл американдық сенімдер бұдан әлде қайда бұрын жасалған АҚШ пен гоминдандық тобырлардың арасындағы «өзара хауіпсіздік» деп аталатын екіжақты соғыс пактысымен байланысты. Жергілікті шаруашылар мынаны атап көрсетеді: Робертсонның мәлімдемесінен көрініп отырғанындай оның Тайваньға келу сапары Қызыл Шығыста бейбітшілікті бүлдірудің құралы ретінде пайдалану үшін чанкайшилік банданы көмек көрсетудің американдық саясатын жүзеге асыру мақсатынан туған.

АҚШ-та дауылдың зардабы

ЛОНДОН, 16 октябрь. (СОТА). Лондон радиосының хабарына қарағанда, Құрама Штаттардың Шығыс жағалауларын басып өткен дауылдың салдарынан 40-қа жуық адам өлген және мыңдаған адамдар баспанасыз қалған. Дауыл келтірген зыян миллиондаған доллардан асады.

Оңтүстік және Солтүстік Каролинаның жағалауларындағы иелері көшкен үйлер талқандалған және теңізге ағып кеткен. Дауыл Виргиния және Мериленд штатына жеткен кезде тіпті күшейген. Вашингтонда дауыл үйлердің терезелерін қыйратқан және ағаштарды құлатқан.

АҚШ-тағы ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ-ЙОРК, 16 октябрь. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, кеше «Анаконда копер майнг» бірлестігі кәсіпорындарының 10 мың жұмысшыларының 53 күнге созылған ереуілі аяқталған. Бірлестік әкімшілігі жұмысшылардың жалақысын өсіруге келіскен.

ВЕНЕСУЭЛАДА ПОЛИЦЕЙЛІК ОЗЫРЛЫҚ

НЬЮ-ЙОРК, 16 октябрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Каракастан берген хабарына қарағанда, полиция Венесуэла Компартиясының басшысы Эдуард Гальвэос Мансердің тұтқына алынғандығын жариялаған.

ШВЕЦИЯДА ССРО-ға АРНАЛҒАН ТРАУЛЕРДІҢ СУҒА ТҮСІРІЛУІ

СТОКГОЛЬМ, 17 октябрь. (СОТА). «Свенска дагбладет» газеті былай деп хабарлайды: Стокгольмдегі «Финнбуда» кеме верфинде ССРО үшін жасалған траулер суға түсірілген.

шылар бекітуге соншама асығып отырған Лондон келісімдеріне қарсы онан әрі күресуге шақырады.

Финляндия үкметінің орнынан түсуі

ХЕЛЬСИНКИ, 14 октябрь. (СОТА). Социал-демократиялық партия мен аграрлық одақтың үкметтік топтарының премьер-министр Теригрен жасаған экономикалық программамен келіспеуі себепті кеше Теригрен республиканың президенті Нааскивиге жолығып, оған үкметтің атынан үкметтің орнынан түсетіні туралы мәлімдеме тапсырған. Президент үкметтің орнынан түсуін қабылдаған.

Үкметтің орнынан түскені туралы ресми хабарда былай делінген: үкметтегі социал-демократиялық және аграрлық топтардың ұсыныстары премьер-министрдің ұсынысымен қатты ажырасып отырғандықтан, Теригрен республиканың президентіне үкметтің жұмысын түсетіні туралы мәлімдеме тапсыруды қажет деп тапты.

Польшадағы театрлар құрылысы

ВАРШАВА, 17 октябрь. (СОТА). Соғыс пен гитлерлік оккупация кезінде Польшада көптеген театрлар қыйратылған және жабылған болатын.

Халықтық демократиялық өкмет жылдарында бұрынғы театр үйлері қалпына келтірілді және жаңа театр үйлері салынды. Мәселен, бір тоқсанда, 20-дан астам театр үйі қалпына келтірілді. Соғыстан кейінгі жылдарда елдің әртүрлі қалаларында жаңа ірі театр, оның ішінде Лодзде жаңа театр, Броцлавте поляктің Мемлекеттік театры, т. б. салынды.

Қазіргі уақытта Варшавада үлкен опера және балет театрының, Новой Гут театрының, Лодзда ұлт театрының құрылысы жүргізілуде. Варшавада салынған И. В. Сталин атындағы Мәдениет және ғылым Сарайында үш жаңа театр ашылды.

инспекция ұйымдастырылды, ол екіне егу және басқа да профилактикалық шаралар қолдану арқылы жұқпалы ауруларға қарсы алдын-ала күрес шараларын жүргізеді. Албанияда медициналық кадрлар даярлауға зор көңіл бөлінуде.

ра және балет театрының, Новой Гут театрының, Лодзда ұлт театрының құрылысы жүргізілуде. Варшавада салынған И. В. Сталин атындағы Мәдениет және ғылым Сарайында үш жаңа театр ашылды.

1936 жылы Польшада 32 тұрақты театр болатын, ал қазіргі уақытта елде 111 театр, оның ішінде 60-тан астам драма театры, онға жуық жас өспірімдер театры, 5 опера театры тағы басқалары бар. Соғыстан кейінгі жылдарда Белостокте, Бельскіде, Гдынде, Кельцте, Люблинде, Радомда, Жьшувте және басқа қалаларда тұрақты театрлар құрылды.

Редактордың орынбасары **Ғ. НУРМОЛДИН.**

Жолдас!
Сен
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазымды, ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға — 4 сом 35т.
3 айға — 13 сом 05т.
6 айға — 26 сом 10т.
1 жылға — 52 сом 20т.

Бұл жылға тұтас жазымдысыз!

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында
«НЮРНБЕРГТЕН ШЫҚҚАН ЭКСПРЕСС»
Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40, және 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
II сериясы
Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40, және 10-30-да басталады.

№ 32 темір жол ФЗО мектебі паровоз қожаларын даярлайтын оқуға қосымша оқушылар қабылдайды.
Оқуға 1936 жылғы туғандар қабылданады.
Оқуға түсушілердің қолында паспорты, білімі туралы және тұрған жерінен алған анықтамалары, 4 фотосуреті болуы керек.
Оқуға қабылданғандар екі комплект киім-кешекпен, жатақхана мен және үш мезгіл ыстық аспен қамтамасыз етіледі.
Оқу 1954 жылғы 15 ноябрьде басталады.
Адрес: Петропавл қаласы, 1-полоса отчуждение, жұмысшы поселкесі, № 32 ФЗО мектебі.
ДИРЕКЦИЯ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02685. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.